

Құрылтайшы:
«ҚҰҚЫҚТЫҚ МИССИЯ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

Учредитель:
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД «ПРАВОВАЯ МИССИЯ»
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ
КЛУБ

Founder:
PUBLIC FOUNDATION «LEGAL MISSION»
INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN

Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал
Международный научно-популярный журнал
International popular-science journal

№6 2015

Бас редактор — Е.О. Алауханов
«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», з.ғ.д., профессор

Главный редактор — Алауханов Е.О.
«Заслуженный деятель РК», доктор юридических наук, профессор

Editor-in-chief — Alaukhanov Y.O.
«Honored Worker of the Republic of Kazakhstan», PhD of law, professor

Астана 2015

V + content
+14901-152



Ермухаметова С.Р.,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Азаматтық
құқық және азаматтық
іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы,
з.ғ.к., доцент



Нурахметова Г.Г.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Азаматтық құқық және азаматтық
іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы,
з.ғ.к., доцент

АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ КОРПОРАТИВТІК ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ТҮЙІН

Азаматтық айналымның қалыпты дамуы, оның субъектілерінің өздерінің міндеттерін тиісінше орындауы арқылы жүзеге асады. Бұл жерде тек шарттық міндеттеме туралы емес, шарттан тыс міндеттеме туралы да жауапкершілік туралы мәселе қозғалады.

РЕЗЮМЕ

Нормальное развитие гражданского оборота, ее субъекты осуществляют с надлежащего исполнения своих обязанностей. Это не только договорные обязательства, а также и вне договорные обязательства.

SUMMARY

Normal development of civil turnover, its agents carried out the proper performance of their duties. It is not only contractual obligations, but also outside contractual obligations.

Азаматтық айналымның қалыпты дамуы, оның субъектілерінің өздерінің міндеттерін тиісінше орындауы арқылы жүзеге асады. Бұл жерде тек шарттық міндеттеме туралы емес, шарттан тыс міндеттеме туралы да жауапкершілік туралы мәселе қозғалады. Азаматтық айналымда абсолюттік және салыстырмалы міндеттемелер болатынын ескерсек, абсолюттік немесе салыстырмалы міндеттемелерді бұзу құқықтық қатынастардың контрагентіне ғана емес, азаматтық айналымның дамуына тұтастай әсер етеді. Қалыпты азаматтық айналымды қалпына келтірудің маңызды механизмі азаматтық құқықтарды қорғау шарасы ретіндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілік болып табылады. Себебі азаматтық-құқықтық жауапкершілік тұлғалардың азаматтық міндеттерді жүзеге асыруында тәртіпті реттеуші шара ретінде қолданылады.

В.А. Тархов азаматтық-құқықтық жауапкершілікті құқықпен реттелінетін өз

әрекеттеріне есеп беру міндеті ретінде қарастырады.

М.И. Брагинский түсінігі бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілік міндеттемені бұзған борышқорға мүліктік әсер етудің заңмен бекітілген шарасы ретінде қарастырады.

Сонымен қатар азаматтық-құқықтық жауапкершілік тек қана цивилистік құрал емес, негізгі нақты заңды айғақтар болып табылатын өз алдына дербес арнайы құқықтық қатынас. Заңды айғақ ретінде құқықтық қатынастардың пайда болу негізі болып табылады.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік заңды жауапкершіліктің бір түрі және заңды жауапкершіліктің шаралары азаматтық құқықтың институттарына сәйкес келеді.

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің субъектілері азаматтар мен заңды тұлғалар екенін ескерсек, жеке тұлғалардың мінезқұлқы азаматтық құқықтық қатынастарда

заңды тұлғаның кінәсінің негізі ретінде қарастырылмауы қажет.

Азаматтық құқықтың негізгі қағидалары болып табылатын шарт еркіндігі, кәсіпкерлік қызмет еркіндігі қоғамдағы барлық құқықтар мен еркіндіктерді ескере отырып абсолютті болуы мүмкін емес. Жалпы еркіндікті жүзеге асырудың шеңбері жауапкершілік болып табылады.

Корпоративтік қатынастардың субъектілері ретіндегі заңды тұлғалар азаматтық құқықтар мен міндеттерге өз органдары арқылы ие болатынын ескерсек, заңды тұлғаларды басқару органдары дегеніміз заңды тұлғаның жеке немесе ұжымдық құрылымдық бірлігі және ол заңды тұлғаның қызметін басқаруды жүзеге асырады, оның атынан азаматтық айналымға қатысады және жауап береді.

Заңды тұлғаның басқару органының жауапкершілігі дегеніміз басқару функциясын жүзеге асыру кезінде азаматтық құқықбұзушылығы үшін мемлекеттік әсер ету нысанындағы санкция.

Заңды тұлғаның басқару органының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің негізгі ерекшеліктері біріншіден, мұндай жауапкершіліктің туындауы үшін азаматтық құқықбұзушылықтың туындауы және оның акционерлік қоғамды басқарумен байланысты болуы. Екіншіден, зиянның заңды тұлғаның қатысушыларының мүддесіне, басқа жеке тұлғалардың жеке мүдделеріне, үшіншіден, келтіріліген зиян мен құқыққа қайшы басқаруды қабылдау мен жүзеге асыру арасындағы себепті байланыс.

Азаматтық құқықтық жауапкершілікті бірнеше тұлғалардың көтеру мүмкіндігіне байланысты қарастырған кезде, субсидиарлық жауапкершілік азаматтық құқықтық жауапкершіліктің бір түрі екендігін ескере отырып, негізгі борышқор міндеттемені орындамаған немесе толық орындамаған кезде және міндеттеме бойынша жауапкершілік кезінде мүлкінің болмауы немесе жетіспеушілігі кезінде міндеттемені орындау қосымша борышқорға жүктелген кездегі жауапкершілік екенін ескереміз.

Субсидиарлық жауапкершілік қосымша сипатқа ие, яғни дербес жауапкершілік емес және субсидиарлық міндеттеме мәнінен туындайды.

Субсидиарлық жауапкершіліктің туындауы үшін арнайы жағдайлардан басқа кезде субъектінің кінәсінің болуы міндетті емес.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті бекіту кезінде негізгі сұрақтардың бірі «зиян» түсінігінің көлемін анықтау. Бұл кезде «зиян» және «залал» түсініктері ұқсас түсініктер ретінде, ал «моралдық зиян» зиянның жалпы түсінігі ретінде емес, өз алдына дербес құқықтық категория ретінде қарастырылуы қажет.

Құқыққа қайшылық азаматтық-құқықтық жауапкершілікті жүктеудің міндетті шарты ретінде нақты спецификациясы бар және азаматтық деликтілік құқыққа қайшылық түрі ретінде қарастырылады. Бұл объективтік құқық нормасын бұзу және тұлғаның субъективтік құқығын бұзу болып табылады.

Себепті байланыстың заңи қарастырылуы объективтік байланыс ретінде көп жағдайда заңды шешім ретінде қарастырылады.

Кінә категориясын азаматтық-құқықтық жауапкершілікті жүктеу кезінде кінә зиян келтірушінің өз әрекетіне психикалық қатынасы емес, зиян келтірушінің талап етілген өзіне жүктелген міндеттерге қолданылатын шараларға көңіл бөлмеушілік және қамқорсыздық ретінде қарастырылуы тиіс. Көбінесе жауапкершілікті туындайтын шараларды дер кезінде жүзеге асырса немесе қамқоршылық танытса азаматтық-құқықтық жауапкершілік туындамайды.

Зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің басқа азаматтық-құқықтық қатынастарды бұзған кезде пайда болатын жауапкершіліктен айырмашылығы талаптардың бәсекелестігі тұрғысынан қарастырылмауы тиіс, себебі бұл азаматтық-құқықтық қатынастардың қатысушыларының құқықтарын шектеуі мүмкін.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік құқықтық қатынастар ретінде қарастырылуы тиіс, олар нақты заңи айғақтарды туындатады (азаматтық құқықбұзушылық). Азаматтық құқықбұзушылық жалпы азаматтық құқықтық қатынастарды арнайы құқықтық қатынастарға өзгертеді, перспективті түрден ретроспективтіге ауысу.

Азаматтық құқықтық жауапкершілік шарасы – біріншіден, несие беруші үшін құқықтық жағдайлар жасау, бұл шаралар субъективтік құқық механизмін қалыптастырады, екіншіден, борышқор (құқықбұзушы) үшін регулятивтік сипаттағы қолайсыз салдарлар қалыптастырады.

Міндеттемені орындамағаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік шарасы –зани мәнді салдар туындататын қосымша сипатқа ие заңнамада бекітілген субъективтік міндеттер.

Міндеттемені орындамағаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік жүйесі жауапкершілік институтының функционалдық бағытын және жалпы өзара байланысты элементтердің біртұтас жиынтығын білдіреді.

Міндеттемені орындамағаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік шарасы үшін кепілдік функциясы беріледі және ол әмбебаптық сипатта болады. Жауапкершіліктің нақты шараларын қолдану кезінде құрамдас шаралар қолданылады, тек айырмашылығы нақты жағдай, субъективтік құрамына байланысты болып отырады. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік шараларының құқықтық әсер ету бағыттары: ынталандырушы; қамтамасыз етуші; жүзеге асырушы.

Борышқордың есебінен міндеттемені орындау- заңмен бекітілген міндеттемені орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін азаматтық құқықтық жауапкершілік шарасы.

Тәжірибеде жауапкершілік туралы кезкелген мәселенің өзекті болуы оның құқықбұзушылықпен байланысты болуында, яғни құқықтық қатынастардың қатысушыларының субъективтік құқықтары-на қол сұғушылықпен түсіндіріледі.

Заңды жауапкершіліктің феноменінің ерекшелігі құқыққолдану үрдісіне жақындығы және тәжірибеде кез-келген сотта қаралған істің жауапкершілік туралы сұрақтың туындауында.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік азаматтық айналымда көбінесе шартпен байланысты болып жатады, себебі шарттық міндеттемелерді орындамау жауапкершілік туындатады.

Біз білетіндей шарт қазіргі нарық жағдайында адамдар мен ұйымдардың өмірінде ерекше орынға ие және ол бір мезгілде өзара қарым-қатынастардың локальды әлеуметтік-экономикалық жүйесін, қағидаларын және оларды ұйымдастыруды білдіреді. Азаматтық құқықтық шарттардың маңызының, оны жасау еркіндігінің және шарт талаптарын қалыптастыру масштабының өсуі бірмезгілде шарттық пәндердің мәселелерін де тереңдетеді.

Шарттарды бұзғаны үшін азаматтық – құқықтық жауапкершілік мәселелері азаматтық құқықтың пайда болуымен бірге өмір сүрсе де бүгінгі күні біртұтас концепциясы өңделген жоқ. Сондықтан азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы мазмұны мен маңызы саралауды қажет етеді.

Мысалы азаматтық-құқықтық шарттарды жасау кезінде келісімінің мәтінінде жауапкершілік шараларын анықтау және оның формулировкасын анықтау кезінде қиыншылықтар туындайды. Егерде міндеттемені орындамаса немесе тиісінше орындамаса, сәйкес санкцияларды жүзеге асыру мәселесі туындайды. Құқыққолдану тәжірибесі көрсетіп отырғандай азаматтық-құқықтық санкцияларды қолданумен байланысты бір жағдайларда ол қолданса, екінші жағдайда ол қолданбауы да мүмкін.

Бірнеше азаматтық-құқықтық санкцияларды бірмезгілде қолданудың методологиялық негіздері өңделмеген. Бұл сот шешімдерін шығару кезінде қиындық туындатады.

Азаматтық құқықта жауапкершіліктің доминанты несие берушінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, бұзылған құқықтарды қорғау, яғни несие берушінің мүліктік және мүліктік емес жағдайларын қалпына келтіру.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік ерекше құқықтық жағдай нәтижесінде жасалған құқықбұзушылық жәбірленушінің мүмкіндігімен түсіндірілуі тиіс. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік құқықбұзушының әрекеті және зиянды нәтиже ретінде қарастырылуы тиіс.

Құқықбұзушылық жауапкершіліктің негізін құрайды және қандай да болмасын талаптарды қажет етпейді, тек жауапкершіліктің нақты шараларын қолдану үшін ғана қажет.

Жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілік мүліктік қатынастармен байланыста болғандықтан ол төмендегідей қасиеттерімен ерекшеленеді: борышқордың міндеттемені бұзуынан туындаған мүліктік шығындарды несие берушіге өндіріп беру; борышқордың міндеттемені тиісті дәрежеде орындауын қадағалау; борышқорды міндеттемені орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жазалау; белгілі бір дәрежеде несие берушінің міндеттемеге қатысуына түрткі болу; борышқордың

тәртіпсіздік фактілерін басқа тұлғалардың көзінше дәлелдеу болып табылады.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік мынадай негізгі қызметтерді атқарады: жазалау, қалпына келтіру, тәрбиелік. Жазалау қызметі-міндеттемені бұзған немесе шығып келтірген тұлғаның мүлкінің азаюы.

Тәрбиелік қызметі-құқық бұзушы болашақта мұндай әрекеттер жасауға жол бергізбейді. Қалпына келтіру қызметі-шығын келген тұлғаның мүліктік жағдайын қалпына келтіру.

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің шаралары қалпына келтіру құралдары ретінде несие берушінің мүліктік жағдайын қалпына келтіру құралы ретінде көрініс табады және біз Азаматтық кодекстің нормаларына сәйкес, мүліктік емес игіліктер мен құқықтарға келтірілген зиянды да өтеу қажет дейміз. Бірақ АҚ-ң 951-бабында қарастырылғандай, заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтық мүліктік құқықтарын бұзатын әрекеттер арқылы келтірілген моральдық зиян өтелуге жатпайды.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті қолданудың тұрақты талабы жауапкершіліктің болуы, кінә, жауапты тұлғаны анықтау. Кінә жауапкершіліктің негізі емес, шараны қолдану талабы ретінде қарастырылуы тиіс.

Азаматтық –құқықтық жауапкершіліктің шарттан және шарттан тыс міндеттемелерден туындайтынын ескерсек, зиян келтіру салдарының азаматтар қайтыс болған жағдайда, асыраушысынан айырылуына байланысты зиянды өттеттіріп алуға құқығы

бар тұлғалардың тізімі заңмен бекітілген, дегенмен біз бұл тізімді кеңейтуіміз қажет. Атап айтқанда бір тұрғылықты жері бойынша тіркелмеседе, қайтыс болған кезде қайтыс болған азаматпен туыс зейнеткер болса, оның асырауында болу фактісін бекітпей-ақ келтірілген зиян бойынша зиянды өтеттіріп алуға құқығы бар тұлға ретінде.

Сонымен қатар азаматтық –құқықтық жауапкершілік шарасы ретінде көбінесе тұрақсыздық төлемі қолданылады және ол айлық есептік көрсеткішпен есептелінеді. Сондықтан кейбір заң актілерінде айлық жалақы көлемінде жауапкершілікті бекіткен нормалар бойынша тәжірибеде бірыңғай қолдану үшін жалпы айлық есептік көрсеткіш көлемінде бекіту қажет.

Жауапкершілік тұлғалардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі негізінде келтірілген зиянды өтеу үшін қажетті институт, сондықтан қорыта келе, азаматтық-құқықтық жауапкершілік азаматтық-құқықтық қатынастар қатысушыларын мүліктік жазалау шарасы ретінде әрекет етеді. Жауапкершілік шарасын қолдану талабы жауапкершілікпен байланысты нақты санкцияларды қолдану және бұл териялық талдау қажет етеді.

Қорыта келе, біз ғалымдардың заңи жауапкершілік ретроспективті деген қорытындысымен келісеміз. Яғни заңи жауапкершілік тек құқықбұзушылық үшін борышқорға жүктеледі және міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершіліктің екі нысаны болады. Біріншіден, келтірілген зиянды өтеу, екіншіден, тұрақсыздық төлемін өтеу.

Жамбыл Ә.Б.

Заң факультетінің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасының магистранты

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР АРАСЫНДА НЕКЕНІ БҰЗУДАН ТУЫНДАЙТЫН МӘСЕЛЕЛЕР

ТҮЙІН

Жалпы отбасы дауларын, шиеленісулерін шешуге байланысты мәселелерді шешу үлкен маңызға ие болуда. Сондықтан осы мақалада соны қарастырады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются вопросы правового регулирования имущественных отношений супругов

SUMMARY

This article deals with the legal regulation of property relations of spouses

Қоғамдағы құқықтық реформалар отбасы-қатынастарының сұрақтарын құқықтық реттеуде жаңа қадамдардың болуын қажет етті. Сонымен қатар, отбасы-неке қатынастарының жүзеге асырылуының кепілдігі, отбасы-неке қатынастарына қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету де бүгінгі күннің мәселесі. Жалпы отбасы дауларын, шиеленісулерін шешуге байланысты мәселелерді шешу үлкен маңызға ие болуда. Себебі отбасы мәселесі тек қоғамның жекелеген мүшесі үшін ғана емес, мемлекет үшін де маңызды.

Қоғам мен құқық некенің негізгі функцияларын қалыптастыра отырып, тараптардың құқықтары мен міндеттерін бекітеді, сонымен қатар неке кезінде және неке бұзылғаннан кейін де тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді.

Мемлекет ішіндегі саяси және экономикалық міндеттерді шеше отырып, адамның әлеуметтік және жеке қатынастардағы жағдайына жаңаша қарау қоғамның міндеті.

Қазіргі кезде отбасылық шиеленістерді құқықтық реттеудің тиімділігінің мәселелері және оларды жою тәсілдері өзекті және күрделі. Отбасы мәселелерінің ішінде ерлі-зайыптылардың мүлкітік мәселелерімен байланысты мәселелер өзекті.

Заңға сәйкес, ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған мүлкіне (ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне) ерлі-зайыптылардың әрқайсысының еңбек қызметінен, кәсіпкерлік қызметтен және санаткерлік қызмет нәтижелерінен тапқан табыстары, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен және ерлі-зайыптылардың әрқайсысының бөлек

мүлкінен түскен кірістер, олар алған зейнетақылар, жәрдемақылар, сондай-ақ арнаулы нысаналы мақсаты жоқ өзге де ақшалай төлемдер (материалдық көмек салалары, мертігу не денсаулығының өзге де зақымдануы салдарынан еңбек қабілетін жоғалтуына және басқаларына байланысты залалды өтеуге төленген сомалар) жатады.

Бұрын ерлі-зайыптылардың көптеген мүлкінің тізімі тұтынушылық мақсаттағы мүліктерден тұратын. Қазіргі кезде нарықтық қатынастардың дамуы, ерлі-зайыптылардың қозғалмайтын мүлкінің құрамына қозғалмайтын мүліктердің көбеюі, жер телімдері, өндірістік кешендер, бағалы қағаздар, капиталдағы үлес көптеген мәселелердің анықталуын қажет етеді. отбасы аясында неке-отбасылық дауларды реттеуге байланысты, оны шешуге байланысты біртұтас келісім жоқ. Көптеген анықтамалар әліде талдау жасауды қажет етеді.

Еерде ерлі-зайыптылар арасындағы мүлкітік даулар сот инстанциясында шешуді қажет етсе, оар отбасындағы даулар деп қарастырамыз.

Құқық туралы дау- конфликт кезіндегі құқықтыққатынастар. Даудың объективтік жағы юридикалық тең субъектілердің құқық бұзу кезіндегі құқықтық қатынастары құрайды. Ал, субъективтік жағы әртүрлі пікірге байланысты қатынастар.

Ерлі-зайыптылардың арасындағы неке қатынастарының тоқтатылуымен байланысты көптеген мәселелер туындайды, олар алимент, қаражат, автордың мүлкітік құқықтарының мәселелері т.б.

Ерлі-зайыптылардың меншігінің режимінің әрекет етуінің шеңберін кеңейту қажет, соның ішінде ерлі-зайыптылардың

тәртіпсіздік фактілерін басқа тұлғалардың көзінше дәлелдеу болып табылады.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік мынадай негізгі қызметтерді атқарады: жазалау, қалпына келтіру, тәрбиелік. Жазалау қызметі-міндеттемені бұзған немесе шығып келтірген тұлғаның мүлкінің азаюы.

Тәрбиелік қызметі-құқық бұзушы болашақта мұндай әрекеттер жасауға жол бергізбейді. Қалпына келтіру қызметі-шығын келген тұлғаның мүліктік жағдайын қалпына келтіру.

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің шаралары қалпына келтіру құралдары ретінде несие берушінің мүліктік жағдайын қалпына келтіру құралы ретінде көрініс табады және біз Азаматтық кодекстің нормаларына сәйкес, мүліктік емес игіліктер мен құқықтарға келтірілген зиянды да өтеу қажет дейміз. Бірақ АҚ-ң 951-бабында қарастырылғандай, заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтық мүліктік құқықтарын бұзатын әрекеттер арқылы келтірілген моральдық зиян өтелуге жатпайды.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті қолданудың тұрақты талабы жауапкершіліктің болуы, кінә, жауапты тұлғаны анықтау. Кінә жауапкершіліктің негізі емес, шараны қолдану талабы ретінде қарастырылуы тиіс.

Азаматтық –құқықтық жауапкершіліктің шарттан және шарттан тыс міндеттемелерден туындайтынын ескерсек, зиян келтіру салдарының азаматтар қайтыс болған жағдайда, асыраушысынан айырылуына байланысты зиянды өттетіріп алуға құқығы

бар тұлғалардың тізімі заңмен бекітілген, дегенмен біз бұл тізімді кеңейтуіміз қажет. Атап айтқанда бір тұрғылықты жері бойынша тіркелмеседе, қайтыс болған кезде қайтыс болған азаматпен туыс зейнеткер болса, оның асырауында болу фактісін бекітпей-ақ келтірілген зиян бойынша зиянды өттетіріп алуға құқығы бар тұлға ретінде.

Сонымен қатар азаматтық –құқықтық жауапкершілік шарасы ретінде көбінесе тұрақсыздық төлемі қолданылады және ол айлық есептік көрсеткішпен есептелінеді. Сондықтан кейбір заң актілерінде айлық жалақы көлемінде жауапкершілікті бекіткен нормалар бойынша тәжірибеде бірыңғай қолдану үшін жалпы айлық есептік көрсеткіш көлемінде бекіту қажет.

Жауапкершілік тұлғалардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі негізінде келтірілген зиянды өтеу үшін қажетті институт, сондықтан қорыта келе, азаматтық-құқықтық жауапкершілік азаматтық-құқықтық қатынастар қатысушыларын мүліктік жазалау шарасы ретінде әрекет етеді. Жауапкершілік шарасын қолдану талабы жауапкершілікпен байланысты нақты санкцияларды қолдану және бұл териялық талдау қажет етеді.

Қорыта келе, біз ғалымдардың заңи жауапкершілік ретроспективті деген қорытындысымен келісеміз. Яғни заңи жауапкершілік тек құқықбұзушылық үшін борышқорға жүктеледі және міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершіліктің екі нысаны болады. Біріншіден, келтірілген зиянды өтеу, екіншіден, тұрақсыздық төлемін өтеу.

Abaideldinov M. Tleuhabyl, Berdimbetova A. Balaussa THE POSSIBILITY OF USING OF JUDICIAL PRECEDENT AND COMMON LAW IN THE REGULATION OF LABOR DISPUTES	131
Askarova A.O., Dosshozhaeva A.H. INTERNAL AND PUBLIC CONTROL OF THE LABOR SAFETY AND LABOR PROTECTION	137
Алексеева Снежана Владимировна СУДЕБНАЯ ПРАКТИКА ПРИ РАЗРЕШЕНИИ ТРУДОВЫХ СПОРОВ	139
Аблаева Гулира Калтаевна РОЛЬ ПРОФСОЮЗОВ В ЭПОХУ ОБЩЕСТВЕННЫХ ПРЕОБРАЗОВАНИЙ	142
Аблаева Гулира Калтаевна ИСТОРИЯ СОЗДАНИЯ ПРОФЦЕНТРА, ПЛАНЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ	144
Джигитекова Д. Н. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘМІЛЕЛЕРДІ НОТАРИАЛДЫҚ КУӘЛАНДЫРУ ТҮСІНІГІ	146
Ермухаметова С.Р., Нурахметова Г.Г. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШЛІКТИҢ КОРПОРАТИВТІК ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ	149
Жамбыл Ә.Б. ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР АРАСЫНДА НЕКЕНІ БҰЗУДАН ТУЫНДАЙТЫН МӘСЕЛЕЛЕР	153
Жумабаева Айгерим Бауыржанкызы О ВОПРОСАХ ГАРМОНИЗАЦИИ ТРУДОВЫХ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВ СТРАН ЕВРАЗИЙСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОЮЗА (ЕАЭС)	155
Жумагулов Ж.Б. ОСОБЕННОСТИ РЕГУЛИРОВАНИЯ ТРУДОВОГО ДОГОВОРА ЗАПАДНОЙ ЕВРОПЫ	160
Ізбасаров Н.Қ. ЖАУАПКЕРШЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ТОҚТАТЫЛУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ	165
Қарашева Ж.Т. ЛИЗИНГ ШАРТЫНЫҢ ЖАЛПЫ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖАЛДАУ ШАРТТАРЫНАН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	167
Кусаинова А.К., Кыдыргужанов Т. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ОРГАНА И ДОЛЖНОСТНОГО ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА	170
Куанышбаева Г. Б. МҮЛІКТІК КЕШЕНМЕН ЖАСАЛАТЫН МӘМІЛЕЛЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	175
Қозыбағарова М. М. АВТОРЛЫҚ ШАРТТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	177